

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылғы 31 шілдедегі XVIII-сессиясының "Алматы қаласында ойын бизнесі объектілеріне акциз мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы N 195 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2005 жылы 9 желтоқсанда N 682 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 258 бабының 4 тармақшасына сәйкес III сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

1. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2002-жылғы 31 шілдедегі XVIII-сессиясының "Алматы қаласында ойын бизнесі объектілеріне акциз мөлшерлерін бекіту туралы" шешімінің (Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 13 тамызда N 463 тіркелген, 2002 жылғы 27 тамызда "Алматы Ақшамы" газетінде, 2002 жылғы 28 тамызда "Вечерний Алматы" газетінде жарияланған) 1-ші тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Алматы қаласындағы ойын бизнесі объектілеріне акциз ставкалары, келесі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (әрі қарай - "АЕК") бір жылға бекітілсін:

ойын столы - 1400 АЕК;
ақшалай ұтыс берілетін ойын автоматтар - 50 АЕК;
тотализатор кассасы - 400 АЕК;

букмекерлік кеңсе кассасы - 200 АЕК."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және бюджет бойынша тұрақты комиссияға (А.И. Шелипанов) және Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Е. Баедиловке жүктелсін.

III - с а й л а н ғ а н

Алматы қаласы Мәслихатының

XIX-сессиясының төрағасы К. Шалабаев

ІІІ-сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК